



№41 (10134)
3 маусым,
сейсенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Өңір келбеті



Тарихи-өлкетану музейі ашылды

Өткен демалыста Қызылорда қаласында облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты салтанатты түрде ашылып, ел игілігіне табысталды. Оған ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, академик, жерлесіміз, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев, «Самұрық-Қазына» Ұлттық компаниясының басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, «Статус Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов пен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев Сыр еліндегі байыпты бастамаларға оң бағасын беріп, тұрғындарды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады. Аймақ басшысы жаңа ғимараттың ұлт руханиятына қызмет етіп, мәдени мұралардың ордасына айналуына тілегін білдірді.

— Бүгін — аймағымыз үшін тарихи сәт, айтулы күн. Қасиетті Сыр өңірі — астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын дінгеі. Президентіміз бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берді. «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асуда. Аймағымыздың сәулеттік келбеті жаңарып келеді. Мәдениет саласында жаңа жобалар жүзеге асуда. Өнер және руханият саласының майталмандарына әлеуметтік қолдау көрсету басты назарымызда. Жыл сайын мәдениет, өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында «Тұран», журналист қаламгерлерге «Жебе» сыйлығын табыстау дәстүрге айналды. Экспонаттарды таныстыру үшін заманауи технологиялар, жасанды интеллектінің жаңа мүмкіндіктері қолданылды. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің салынуына «Самұрық-Қазына» Ұлттық компаниясы өз үлесін қосты. Заманауи жаңа ғимарат ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына, облыстық музейдің 85 жылдығына керемет тарту болды. Киелі «Сыр елі — жыр елінің» мәдени қазынасы арта бергей, — деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

Еске салайық, өткен жылы өңірімізде жарияланған «Руханият жылы» аясында 7 айдан 11 млрд 500 млн теңгеге «Руханият» орталықтары салынып, ел игілігіне табысталды. Бұл жерде ұлтымыздың құндылықтары дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз кеңінен насихатталуда.

Облыс орталығында «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Өнер орталығы», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы салынып, іске қосылды.

Биыл «Қазақстан Халқы Ассамблеясының 30 жылдығы» аясында Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен құны 3 млрд 800 млн теңгені құрайтын «Достық үйі» бой көтеруде. Былтыр алғаш рет мәдениет саласының өкілдеріне жаңадан көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталды. Симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталып, «Жыраулар» үйі ашылды.

«ЖЖ» ақпарат



Мерей

Еңбек ардагеріне құрмет

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов су шаруашылығы саласының ардагері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Оспан Тәуекелұлын қабылдап, 90 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

Салтанатты жиынға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліев, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев, қоғамдық кеңес төрағасы Қожағай Құлмахан, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері қатысты.

— Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, кейінгі ұрпаққа өнеге бола білген ардагерлеріміздің орны қашанда ерекше. Сіздердің жүріп өткен жолдарыңыз — бізге үлгі, кейінгі буын үшін тәрбие. Құрметті Оспан Тәуекелұлы! Ауданның өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосып, еңбекпен еселенген өнегелі өмір жолыңызда өңіріміздің дамуы үшін аябай қызмет жасадыңыз. Алдағы уақытта да тәуелсіз қазақ елінің жарқын болашағына куә болып, балаларыңыздың бақытына, немере-шөберелеріңіздің шаттығына бөленіп, мағыналы ғұмыр кешіңіз. Сізді барша аудан жұртының атынан мерейлі жасыңызбен құттықтаймын, — деді аудан әкімі.

Кездесуде аудан әкімі ардагердің өмір дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтіп, сый-құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліұлы мен қоғамдық кеңес төрағасы Қожағай Құлмахан ардагерге жылы лебізін білдіріп, оның өнегелі өмір жолынан сыр шертті.

Оспан Тәуекелұлы 1935 жылы қа-зіргі Мөрәлі Шәменов ауылында дү-ниеге келген. Еңбек жолын құрылыс саласында бастап, кейін су шаруашылығы саласында 40 жылдан астам табанды еңбек еткен. Ол Қызылқұм, Қарақұм жайылымдарын суландыру, су пайдалануды реттеу, жүйелерді бас-қару секілді маңызды міндеттерді абы-роймен атқарған.

Оспан атаның ата-бабалары за-манында Кеңес үкіметінің солақай саясатына қарсы шығып, әділдік іздеу жолында қуғын-сүргінге ұшыраған. Тоқсанды алқымдаған Оспан ақсақал саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған ке-шөнді іс-шараларға белсене қатысып, басы-қасында жүреді.

Мәселен, 2014 жылы аудандық ардагерлер ұйымының бастамасымен «Қарақұм көтерілісінің ізімен» атты экс-педиция ұйымдастырылып, экспеди-торлар көтеріліс болған жерлерді аралады. Сол экспедицияның басы-аяғында Оспан ата да болды. Экспе-диция нәтижесінде сол заманда Қара-құмдағы бақылау бекеті қызметін атқарған төбеге «Әлментай шоқысы» деген ат беріліп, басына белгі-ескертіш қойылды. Яғни бұл жер Қарақұм көтерілісінің бас мергені Әл-



ментайдың атымен аталған. Жыл сайын аудан азаматтары, оқушылар, жастар осы төбеге барып, Қарақұм көтерілісі болған жермен танысып, құрбан болған

ЖАРЫН

Сайлау – 2025

Аламесектегі ағайын өз таңдауын жасады

Бір ай бұрын Аламесек ауылдық округі әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламасымен танысып едік. Жексенбіде бұл саяси науқан да өз мәресіне жетті. Жалпы жергілікті жұрт әкімдерін бұған дейін де өздері сайлаған. Бірақ сол қарқын әлі де басылмапты, таң атысымен ауылдағы ағайын мәдениет үйінде орналасқан сайлау учаскесіне ағылды.

Жалпы бұл сайлауда 3 үміткер бақ сынады. Үшеуінің де мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар. Бір қызығы, осыған дейін халық сайлаған ауылдың бұрынғы әкімі Дәулеткерей Төжібаев та биыл тағы белді бекем бұған.

Соңғы жылдары Аламесек қарқынды дамып келеді. Бұрын аудан тарихының басында тұрған елді мекенде мәселе көп болатын. Қазір ше, бүгінде аудан әкімі барған сайын жергілікті жұрттың басты мәселесіне айналған емхана ғимараты жаңадан бой көтерді. Тағы бір құлақты қажаған жол мәселесі де шешімін тауып жатыр. Тіпті ауылда 1 жылда 5 көшеге күрделі жөндеу жүрді. Электр жарығы қайта жаңғыртылды. Енді ауыз су жүйесі кеңейтілуде.

Жалпы тізе берсек, батыр атындағы ауылда тарқатып жазар дүние көп. Бірақ бұл ауылдың мәселесі түбегейлі шешілгенін білдірмейді. Елді мекенде әлі де басқа мәселелер жетерлік. Міне, бұл сайлауда халықтың белсенді бо-

луын түсіне қойдық. Алдағы уақытта қалған мәселелердің шешімін табатын әкімді сайлауда жаңылғысы келмейді. Өйткені туған жердің болашағына жергілікті жұрт бейжай қараған емес.

Ауылдағы мәдениет үйінде орна-ласқан №151 сайлау учаскесінде жұ-мыс қызып тұр. Бірі дауыс беру үшін бюллетень толтырса, енді бірі арнайы орынға кіріп өз таңдауын жасады. Ор-тадағы дауыс жинайтын жәшікті төң-ректен тағы 4 кісі тұр.

Осындай абыр-сабырдың кезінде ішке отыз шақты адам кіріп келді. Бақсақ, бұл ауылдағы шаруашылық ұжымы екен. Қимылдары шалт, есіктен енген бойда дауыс беруге кіріскен олардың дала жұмысына асыққанын аңғара қой-дық. Бірақ жұмысқа да, сайлауға да уақыт тапқан еңбек адамдарының бұл ісі — кейінгіге өнеге. Онысымен қоймай әлгі дала дарабоздарының бірі бізге сұхбат беруге де уақыт тапты.

— Күнделікті жұмыс жүре береді, біз



бірінші кезекте ауылдың болашағын ойлауымыз керек. Елді мекеннің еңсесі биік болмаса, ондағы халықтың да жағ-дайының оңуы екіталай. Сондықтан біз бірінші кезекте туған жердің болашағына бас қатыруымыз керек. «Әркімге туған жері — Мысыр шаһар» деген. Шүкір, мен де туған жеріммен мақтанамын. Шын-дығында, Аламесектің тарихы өрде жатыр. Осындай тамыры тереңнен бас-тау алатын елді мекеннің болашағы бізді бейжай қалдырмайды. Міне, бүгін уақыт тауып, дауыс беруге келгеніміздің мақсаты да сол. Қазір шаруашылықта алдымыз зейнет жасына келіп қалдық. Ең жасы отыздан асты. Бүгіннен со-ларға осындай ісімізбен үлгі болсақ, ертең олар да көргенін жасайды. Ұрпақ сабақтастығы үзілмеуі керек. Осындай саяси науқандарда, басқа да түрлі шараларда бір-бірімізге үлгі болсақ, елді мекеннің де, елдің де келешегі кемел болады, — дейді еңбек адамы Тұрсынбек Қорғанбеков.

Айта кетейік, батыр атындағы ауыл-да 2 мыңға жуық халық бар. Оның 942-сі — сайлаушы. 15 адам үйден дауыс беріп, өз таңдауын жасады. Оларға сайлау учаскесінің мамандары арнайы жәшікпен барып, дауысын алды.

Биыл Аламесекте 6 адам бірінші рет дауыс берді. Он сегізге енді толған жастар да саяси науқанда белсенді болды. Олардың қатарында Айда Бо-латбек те бар.

— Сайлауға бірінші рет қатысып отырмын, ауылдың болашағы үшін осындай саяси науқанда сенің де дауы-сың маңызды болғаны өзіңе үлкен жауапкершілік жүктейді екен. Сондықтан алдын ала барлығының сайлауалды бағдарламасымен танысып шықтым. Осы ауылда өскесін туған жерде қандай мәселе бар, барлығы таңсық емес. Жас та болсам «ауылда жарқын жобалар жүзеге асса» деп армандайтынмын.

Кешегі үміткер ағаларымыздың да сай-лауалды бағдарламасында біраз мә-селе қамтылыпты. Соның ішінде өзімнің көңілімнен шыққан үміткерге дауыс бер-дім. Жаңа келгеннен байқағаным, мұнда үлкен кісілер көп, олардың өзі уақыт тауып осында келгенде бізге сайлауда мүлде белсенді болу керек, — дейді ең жас сайлаушы.

№151 сайлау учаскесі қай уақытта да сайлаушылардан босамады. Мұнда ұстаздар да, бір көшенің тұрғындары да, еңбек адамдары да бірге келіп өз таңдауын жасады. Тіпті ауылдың арда-герлері де саяси науқанда белсенді болды. №151 сайлау учаскесінің тө-рағасы Әбдіқайыр Әйтұмов мұны қа-лыпты жағдайға балап отыр. Өйткені Аламесектегі ағайын ауылда қандай шара болсын барлығында белсенділік танытады екен. Мұның өзі ауызбірші-ліктің үлгісі, бір жағынан елді мекеннің болашағына жергілікті жұрттың бейжай қарамайтынын аңғартады.

— Бұл ауылда өтіп жатқан бірінші сайлау емес. Осыған дейінгі саяси науқандарда да болдырыздар. Онда жергілікті халықтың қалай белсенді бол-ғанын да жақсы білесіздер. Бүгін де дәл солай, дауыс беруге асыққан елді көріп қуанамын. Бірінші келген сайлаушыға, ең жас, ең қарт сайлаушыларға және басқа да сайлаушыларға сыйлық үлестірдік. Ешқайсысын құр қайтармауға тырыс-тық. Бір қызығы, бүгін ауылда 7 сай-лаушының туған күні екен. Осында келіп, өз таңдауын жасаған туған күн иелерін де құр қайтармадық. Жалпы халықтың сайлауда белсенді болуы — жақсылықтың нышаны. Сондықтан біз елдің мұндай маңызды науқанда белсенді болғанына қуанамыз, — дейді Әбдіқайыр Әйтұмов.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Балаларға базарлық



Қуанса, бала қуансын!

«Руханият» орталығында 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне орай мерекелік шара өтті. Мерекелік шарада балалар мен оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Шебер қолдар» үйірмесінің көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар жас өнерпаздар ән шырқап, би билеп, мерекелік шараның шырайын аша түсті.



Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов арнайы қатысып, балаларды айтулы мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Сондай-ақ балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында аудан әкімінің қолдауымен бірқатар сауықтыру лагеріне жолдама табысталды.

Атап айтқанда, Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» сауықтыру лагеріне, Шымкент қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру лагеріне, Шымкент қаласындағы «Қуаныш» сауықтыру лагеріне, Алматы қаласындағы «Тау Жаңашар» сауықтыру лагеріне, Жалағаш кенті маңындағы «Ақтерек» лагеріне жолдамалар берілді.

Айта кетейік, аудан орталығындағы «Ақтерек» сауықтыру лагері балаларға есігін айқара ашты. Жазғы демалысын қызықты өткізу үшін «Ақтерекке» 80 бала аттанды. Осында жаз бойы 6 ауысыммен 452 баланы қамту жоспарланған. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры есебінен, 50 бала кәсіподақ есебінен демалады. Әр ауысым уақыты – 10 күн.

Лагерь аумағында жалпы 5 ғимарат орналасқан. Оның 4-еуі жатын орынға

арналған ғимарат болса, мұнан бөлек 80 орындық арнайы асханасы тағы бар. Сонымен қатар ашық спорт алаңы, сыртқы бассейні, мәдени іс-шаралар өтетін орын бар.

Мұнда танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өтіп тұрады. Одан бөлек бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады. Сонымен бірге лагерде сурет, қолөнер, робототехника, полиглот және өрт қауіпсіздігі үйірмелері жұмыс істейді. Сондай-ақ тынығушыларды белгіленген күні Б.Құлтеңенов атындағы аудандық жабық бассейнге, балалардың тарихи танымын кеңейту мақсатында «Руханият» орталығына, Қорқыт ата мемориалдық кешеніне саяхаттау жоспарланған.

Мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлеріне тоқталсақ, 27 мамыр мен 20 маусым аралығында 20 мектепте 2 ауысымда 2250 бала ыстық тамақпен, 450 тамақсыз мектеп жанындағы тынығу лагері ұйымдастырылады. Мектеп жанындағы және қосымша білім беру ұйымдары жанындағы лагерлер түрлі бағытта жұмыс жасайды. Оған 3260 бала қамтылады.

Сондай-ақ «Еңбек» лагеріне 1500 бала барады. Жалпы бұл шаралар шаруа қожалықтармен бірлесіп жүзеге асырылады. Мұнан бөлек «Кәсіптік бейімдеу» лагеріне 350, «Құқықтық кеңес» лагеріне 350, «Этноауыл» лагеріне 350, «Өнерлі мектеп» лагеріне 350, «Көркем еңбек» лагеріне 360 бала қамтылады.

ЖАРЫН

Брифинг

Тамақтан уланудың алдын алыңыз

Қасиетті Құрбан айт мерекесіне де санаулы күндер қалды. Аптап ыстықпен қатар келген мереке қарсаңында тамақтан уланудың алдын алмаса тағы болмайды. Өйткені қасиетті Құрбан айт мерекесі қарсаңында мал сату, сою бекеттерінде және мұсылман қауымының басы қосылатын үй жағдайында, мешіттерде немесе қоғамдық тамақтану орындарында «құдайы тамақ» беру көбейеді. Осындай іс-шаралар өткізуде аса қауіпті жұқпалы аурулардың, жаппай тамақтан уланудың және жедел ішек инфекцияларының алдын алуда қайтпек керек? БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Алтынқұл Тажмаханова осы сауалдың түйінін тарқатты.

Спикер «мал сату, сою бекеттерінде құрбандыққа шалынатын малды сату мен сою арнайы орындарда және әрбір жануардың тиісті ветеринарлық құжаттары (ветеринарлық паспорт, құлақ сырғалары) болған жағдайда ғана іске асырылуы керек» дейді. Ал мал сою орындарында санитариялық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталуы керек. Сондай-ақ ауыз су, лас су жүйелерінің болуы маңызды. Мал сойғанда қалдықтар уақытылы залалсыздандырылып шығарылуы керек.

– Қызметкерлер медициналық тексеруден өтуі және медициналық кітапшаларының болуы керек. Сондай-ақ жеке бас гигиенасын сақтауы қажет. Үй жағдайында қонақтардың қол жууына жағдай жасаған дұрыс. Тамақтану бөлмелерінің ауасын жиі ауыстырған дұрыс. Шикізат пен тамақ өнімдерін қауіпсіздігін қуәландыратын тауардың ілесіне құжаттамасы бар орындардан сатып алған жөн. Үй жағдайында дайындалған консерві (салаттар, ет, құс, балық, саңырауқұлақ және т.б.) өнімдерін пайдаланар алдында 15-20 минут термиялық өңдеуден өткізген дұрыс. Ет, құс, жұмыртқадан тез бұзылатын тағамдар, сондай-ақ паштеттер, аспаздық өнімдер, кремі бар кондитерлік өнімдер, салаттарды дайындағаннан кейін бірден қолдану керек. Сақтау талабы бұзылғанда келесі күні

пайдаланбаған жөн. Терінің іріңді аурулары бар, іріңді кесілген, күйген, терісі сыдырылған, сондай-ақ жоғары тыныс алу жолдарының ауруы болған жағдайда тамақ әзірлеуге қатыспау керек, – дейді басқарманың бас маманы.

Үй жағдайында қауіпсіздік талаптары қалай сақталуы керектігін кеңінен тарқатқан сала маманы «Қоғамдық тамақтану нысандары мен мешіттерде қайтпек керек?» деген сауалымызды да жауапсыз қалдырмады. Сөзінше, түрлі жұқпалы індеттердің, топтаcқан тамақтан уланудың алдын алу мақсатында ауыз су, ыстық су, лас су жүйелерімен, көлушілер мен персоналдарға арналған рақиналар, қол жуу, өңдеу, сұрту немесе кептіру құрылғыларымен және құралдарымен жарақталғаны дұрыс. Сондай-ақ желдету және ауа баптау жүйелерінің болуы да ерекше маңызға ие.

Қоғамдық тамақтану өнімдерін дайындау үшін пайдаланылатын азық-түлік (тағамдық) шикізатының, тамақ өнімдерінің және қосымша материалдардың әрбір партиясының қабылдау, сақтау, тасымалдауын қадағалау және қауіпсіздігін қуәландыратын тауардың ілесіне құжаттары бар орындардан сатып алынғаны дұрыс. Үй жағдайында дайындалған консерві (салаттар, ет, құс, балық, саңырауқұлақ және т.б.) өнімдерін қоғамдық тамақтану орын-



дарында, мешіттерде пайдаланбау керек. Тез бұзылатын тамақ өнімдері үшін тауардың ілесіне құжаттамасына өнімнің шығарылған уақыты мен күні, сақтау шарттары (температурасы, қажет етілген жағдайда ауаның салыстырмалы ылғалдығы), соңғы жарамдылық мерзімі көрсетілуі керек және оларды тоңазытқышта сақтау қажет.

– Азық-түлік (тамақ) шикізаты мен дайын тамақ өнімдерін (ет, құс еті, балық, көкөністер, асқөк, ет, сүт өнімдері, нан және тоқаш бұйымдары, кондитерлік бұйымдар) бөлшектеу үшін өңделетін тамақ өнімдеріне сәйкес өрпіті және (немесе) түрлі-түсті таңбалауды пайдаланып таңбалаған жеке бөлшектеу мұқамалдарды (бөлшектеу тақтайшалары, пышақтар) мақсаты бойынша пайдалану керек. Жабдықты пайдалану, жуу және дезинфекциялауды оларды пайдалану, жуу және дезинфекциялау жөніндегі өндіруші нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырыңыз. Тамақ қалдықтарын жинауға арналған жарамды жағдайдағы бөлек контейнерлер (жабылатын сыйымдылықтар) оларды тазалауды, жууды және жануарлардың кіруінен қорғауды қамтамасыз ететін қоқыс пен тамақ қалдықтарын жинауға арналған шаруашылық алаңының болуы маңызды. Персоналдың арнайы киімдермен қамтамасыз етілуі керек және жеке бас

гигиенасын сақтау назарда болуы тиіс. Медициналық тексеріп қараудан, гигиеналық оқытудан өткендігі туралы белгісі және жұмысқа рұқсаты бар әр жұмыскердің жеке медициналық кітапшасының жұмыс орнында сақталуы керек, – дейді спикер.

Ол терінің іріңді аурулары бар, іріңді кесілген, күйген, терісі сыдырылған, сондай-ақ жоғары тыныс алу жолдары ауруы бар, инфекциялық аурулармен ауыратын және инфекциялық ауруларға күдікті адамдар жұмысқа жіберілеу керектігін айтады. Аталған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталмаған жағдайда халық арасында улану, аса қауіпті, өткір ішек жұқпалы аурулар жағдайларының тіркелуіне себепкер болатынын да қаперте салды.

Жалпы басқарма өкілінің сөзіне алып-қосарымыз жоқ, расында аптап ыстықта тек Құрбан айт мерекесінде ғана емес, басқа күндері де тамақтан уланудың алдын алған жөн. Спикер қаперге салған қауіпсіздік талаптары сақталмаса, тек өзіңіздің ғана емес, басқа да адамдардың өміріне қауіп төндіруіңіз әбден мүмкін. Сондықтан бұл ережелер кез келген уақытта назарда болуы керек. Брифингтен түйеніміз де осы.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Бағдарлама игілігі



Атакәсіпті қолға алған

Мал шаруашылығын қазақтың атакәсібі дес де болады. Ауданда жыл өткен сайын атакәсіпті арқау етіп, ризық-несібесін төрт түліктен көрген кәсіпкерлер саны артууда. Бүгінде ауданымызда мал шаруашылығын дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылууда. Мұндағы басты мақсат – мал өнімдерінің көлемін ұлғайту, халықтың сұранысын толық өтеу, оған сәйкес ет бағасын тұрақты ұстау. Ауыл тұрғындары «Ауыл аманаты» секілді жобалар арқылы мемлекеттен қаржылай қолдау тауып, мал басын өсіруде.

Осы орайда «Amanat» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының Жол картасы аясында мемлекет тарапынан мал басын көбейту, оны асылдандыру және өнімін ұлғайту бағытында атқарылған жұмыстарға мониторинг жүргізілді. Бұл мақсатта ауданда орналасқан біршама шаруа қожалық партиялық бақылауға алынды.

Мониторинг жұмысына аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева мен партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Бақытбек Жүргенбаев пен Айдынбай Сейфулмәлік, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Алтыншаш Жақаева қатысты. Олар шаруашылықтың қазіргі жағдайымен танысып, мал басын көбейту мен өнім сапасын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды саралады.


Шаруашылық өкілдері мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар мен бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы мәлімет берді. Сонымен қатар кездесуде мал шаруашылығын дамытудағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды.

«Amanat» партиясы ауыл шаруашылығы саласының дамуына ерекше көңіл бөліп, бұл бағыттағы жұмыстарды үнемі бақылауда ұстап келеді. Партияның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсарту.

Айта кетейік, ауданда 2023 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары сәтті жүзеге асып келеді. Мәселен, былтыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 972-ге жетіп, бүгінде оның 2 839 субъектісі немесе 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлері ұсынған 325 жоба 5 млрд 132 млн теңгеге қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылды.

Мұнан бөлек «Байқоңыр ӘКҚ» ҰК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржылық қолдауға ие болу үшін әртүрлі бағыттар бойынша 268,4 млн теңгені құрайтын 48 жоба «Ауыл аманаты» цифрлық платформасына өңгізілген. Оның ішінде 60 млн теңгені құрайтын 11 жоба қаржыландырылып, 11 жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ өткен жылы желтоқсан айында 43 млн теңгені құрайтын 10 жоба комиссияда мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған.

Е.ӘНУАРҰЛЫ



Сараптама

Шомылу маусымы: судан да сақтанған дұрыс

Кеше ғана елімізде суға шомылу маусымы басталды. Жаздың аптап ыстығында адамдар табиғат аясында демалып, салқындау, демалу мақсатында көлге, өзенге тағы басқа су айдындарына суға түседі. Алайда кейбір азаматтар қауіпсіздік ережелеріне салғырт қарап, балалары мен жақындарының өміріне қауіп төніп жатады. Тіпті адам өліміне де әкеп соқтырған жайттар бар. Шыны керек, соңғы жылдары кішкентай бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің суға кету фактілері жиілеген. Әрине, қоғамда «Суға бату фактілері неліктен жиіледі?» деген заңды сұрақ туындайды. Бірақ ескерту жұмыстары үздіксіз жүруде, әлде заңды түрде шомылуға рұқсат етілген қауіпсіз су айдындары жоқ па? Тарқатайық...

Шомылуға рұқсат етілген 698 орын бар

ҚР ТЖМ Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің мәліметінше, елімізде ресми түрде шомылуға рұқсат етілген 698 орын бар, оның 458-і – жеке меншік, 227-сі – коммуналдық жағажай, 13-і – туризм және спорт нысандары. Биыл ауа райының қатты ыстық болу болжамына сәйкес, тағы 84 қауіпсіз аймақты жасақтау жұмыстары жүргізілуде. Бір қуантарлығы, енді ол орындарды іздеп, өбігерге түспейсің, өйткені барлық ақпарат «2ГАЗ» қосымшасында қолжетімді.

Былтыр 66 бала құтқарылған

ТЖМ су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында орталық мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, кешенді дайындық пен алдын алу жұмыстары ұйымдас-тырылып, іске асырылуда. Жүргізілген профилактикалық жұмыстар кешенінің нәтижесінде 2021-2024 жылдары суға батып, қайтыс болғандардың саны 51 пайызға азайған. Былтырғы шомылу маусымында еліміздің су айдындарын-да 258 адам, оның ішінде 66 бала құтқарылған.

4 жылда 260 бала суға батқан

Көңілге күйбей түсіретін статистика, профилактикалық іс-шараларға қарамастан соңғы 4 жылда 843 адам, оның ішінде 260 бала суға батып қай-тыс болған. Профилактикалық іс-ша-ралар кешенін өткізу барысында 191 мыңға жуық көрнекі оқыту өнімдері (парақшалар, жадынамалар, брошю-ралар) таратылған, су айдындарында 181 қауіпсіздік белгісі орнатылған. Сон-дай-ақ қайғылы жайттардың алдын алу мақсатында жыл басынан бері 11 562 бала жүзу дағдыларын үйретілді, бұл жұмыстар әлі де жалғасын табуда.

ТЖ министрлігі Ішкі істер және Көлік министрліктерімен бірлесіп, су ай-дындарында адамдардың қаза болу қауіпін азайту мақсатында азаматтар-дың судығы қауіпсіздік қағидаларының талаптарын бұзудың жолын кесу ба-ғытында 20 мыңнан астам рейдт пен патрульдеу жүргізді. Анықталған 761 заң бұзушылар «Ортақ» су пайда-лану қағидаларын бұзғаны» (364-бап), «Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындама-ғаны» үшін жауапкершілікке тартылды.

ТЖМ құтқару бөлімшелері ірі ак-ваториялардың ең белсенді пайда-ланылатын 70 уәкесесін бақылайды, онда кәсіби құтқарушылар қызмет ат-қарады. Сонымен қатар биыл әкімдіктер мен жағалаудағы демалыс орындарының иелері министрліктің жедел-құтқару жасақтарында дайындықтан өткен 100-ден астам қоғамдық құтқарушыны дайындаған.

Аймақта 4 адам қаза болды

Қызылорда облысы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының мәліметінше, жыл басталғалы облыс аумағындағы су айдындарында 4 адам қаза болды. Оның 2-еуі – бала. Суда адамдардың қаза болуының негізгі себебі қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуы болып та-былады. Мұнан бөлек суға түсуге қауіпті аймақтарда азаматтардың рұқсат етіл-меген жүзу құралдарын қолдануы қай-ғылы жағдайлардың көбеюіне ықпалын тигізіп отыр.

Балалардың рұқсат етілмеген су айдындарында суға шомылуының ал-дын алу мақсатында жазғы демалыс уақытында 8 жазғы лагері оқушыларды қабылдайды. Онлайн режимде облыс-тың 31 548 оқушысына жалпы «Судағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбы бо-



йынша интерактивтік сабақтар өткізіл-ген. Ата-аналардың назарына жеткізу мақсатында «WhatsApp» желісіндегі чаттарда балалардың судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын бақылау-қадағалаулары қажеттігі жөнінде бей-нероликтер мен жадынамалар жария-лануда.

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалуға, туризмге және спортқа арналған жер-лерді белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімінің қаулысына сәйкес 7 коммуналдық жағажай белгіленген. Нақтырақ тоқталсақ, Арал ауданында «Аққұмшық», Қазалы ауданында «Қашқан су», Қармақшы ауданында «Мұратбаев», Сырдария ауданында «Қалғандария», Шиелі ауданында «Бөйгеқұм», Қызылорда қаласында «Сыр толқыны» және «Сыр Самалы» бар. Облыс аумағында суға шомылуға тыйым салынған 63 қауіпті аймақтың тізімі тіркелген. Осы уәкеселерге 149 ескерту тақтайшасы мен билбордтар орнатылған.

9 азамат айыппұл арқалады

Облыс тұрғындары мен қонақтар-ының жаз мезгілінде су айдындарын-дағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ТЖ Департаменті бас-тығының «2025 жылғы жазғы суға шомылу маусымы кезеңіндегі қауіп-сіздік шараларын ұйымдастыру туралы» бұйрығы негізінде күнделікті тау-лық бойы жауапты сала мамандарын тарта отырып, полиция департаменті, жергілікті атқарушы орган қызметкер-лері және еріктілер рейдтік жұмыстар ұйымдастыруда. Профилактикалық жұ-мыстарға 225 ерікті жұмылдырылды.

Су айдындарында жыл басынан бері 301 рейд жүргізіліп, 2452 тұрғынға су-дағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, ұнпарақтар таратылған. ТЖД-ның қыз-меткерлері ҚР ӘҚБтҚ-нің 412-бабы бойынша (Су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындамау) 9 адамға хаттама толтырып, айыппұл салды. Сонымен қатар балық шаруа-шылығы инспекциясы заңсыз балық аулау бойынша 81 деректі тіркеп, оларға айыппұл салды.

Жалағашта ашық бассейн қайта жаңғыртылуда

Жалағашта аудан әкімінің тапсыр-масына сәйкес жауапты сала өкілдері су айдындарында азаматтар мен ба-лалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында рейдтер ұйымдастыруда. Шарада тұрғындарға рұқсат етілме-ген орындарда суға түсуге тыйым са-ланытыны түсіндіріліп, қауіпсіздік талаптары кеңінен насихатталды. Сон-дай-ақ Сырдария өзені жағалауында қауіпсіздікті сақтау шаралары таныс-тырылды.

Айта кетейік, ауданда 2 бассейн бар, біреуі «Ақтерек» сауықтыру ла-герінде орналасқан. Сондай-ақ аудан тұрғындары Б.Құлтекеов атындағы аудандық жабық бассейнге барып, емин-еркін суға шомылуға болады. Жа-лағаштықтар үшін қуанышты жаңа-лық, бүгінде кент орталығындағы ашық бассейнді қайта қалпына келтіру

бағытында бірқатар жұмыс атқарылу-да, жақын уақытта толық іске қосылады. Бұл бассейн суға түсу маусымында аудан тұрғындары мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Былтыр ауданда суға кету фактісі тіркелмеген

Жалағаш ауданы ТЖБ бастығы Еркін Назарқұловтың айтуынша, ауданда соңғы 5 жылда 7 адам суға батқан, оның 1-еуі – бала. Бір қуантарлығы, былтыр және бұл судағы қайғылы оқиғалар орын алмаған.

Ауданда суға шомылуға тыйым салынған 6 қауіпті аймақ бар, бұл учас-келерге 23 ескерту тақтайшасы мен 10 билборд орнатылған. Сондай-ақ барлық білім беру ұйымдарындағы оқушылар, ұстаздар және ата-аналарға судағы қауіпсіздікті сақтау бойынша жиындар өткізілген.

Суға шомылу маусымы бойынша «Qyzylorda TV» телеарнасында 1 бейне-сюжет көрсетіліп, аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне бірнеше мақала, әлеуметтік желілерге 25 мақала мен бейнероликтер жарияланды.

4 азаматқа 51 688 теңге айыппұл салынды

Полиция бөлімі, жергілікті атқарушы орган қызметкерлері және еріктілерді тарта отырып, күнделікті күндіз-түні рейдтік жұмыстар ұйымдастырылуда. Рейдтік жұмыстарға дрондар пайда-ланылуда. Яғни су айдындарында 16 сәуірден бастап 40 рет рейд жүргізіліп, 3 мыңнан астам тұрғынға судағы қауіп-сіздік ережелері түсіндіріліп, ұнпарақтар таратылды.

Былтыр рейд барысында ҚР ӘҚБК 412 бабына сәйкес белгіленбеген орын-дарға суға түскен жеке тұлғаларға 4 өкімшілік хаттама толтырылып, 51 688 теңге айыппұл салынды. Ал биыл по-лиция қызметкерлері ҚР ӘҚБтҚ-нің 364-бабы «Ортақ су пайдалану қағи-даларын бұзу» бабы бойынша 1 аза-матқа өкімшілік хаттама рәсімдеген.

Суға түскенде сақтық керек

Ең алдымен шомылатын судың те-рентдігі мен тазалығына мұқият болу қажет. Әдетте соңы қайғыға ұласа-тын оқиғалар суға шомылуға тыйым салынған жерлерде болатыны жасы-рын емес. Сондықтан тек рұқсат етіл-ген орындарда шомылған жөн. Белгі-ленген қоршаудан тыс аумаққа және техникалық ескерту белгілерінің үстіне шығуға болмайды. Бассейн, өзен-көл-дерге ішімдікке масайған күйде кірмеу қажет.

Тағы бір ескеретін жайт, балаларды қараусыз қалдырмау керек. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы кіш-кентай балалар үнемі үлкендердің қарауында болуы тиіс. Сөп үлкенірек жастағы жасөспірім балалар кездері су айдынына шомылуға барған кезде суға түсуге рұқсат етілген, қауіпсіздігі сақтал-ған жерлерде шомылуы қажет. Оларға белгі қойылған жерден алыс жүзуге болмайтынын, жағадан алып жүзбеу керектігін егжей-тегжейлі түсіндіру қажет.

Алғашқы көмек қалай жүргізіледі?

Зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету мүмкіндігі бар екенін естен шығармау қажет. Сол мүмкіндікті жіберіп алмауыңыз аса маңызды. Осы орайда аудандық ТЖБ мамандары суға батқан адамға алғашқы медициналық көмек қалай көрсетілетінін айтып.

Суға батқан кездегі алғашқы көмек – зардап шегушіні судан шығару. Содан кейін тыныс жолдарын судан тазарту қажет. Ол үшін құтқарушы тізесін бүгіп, зардап шегушіні бүгілген тізесіне ішімен жауысып, оның кеуде тұсын қысып, арқа жағынан қағып, суды шығарады. Егер адамның есі анық болған жағдайда оған ыстық су беріп, денесін құрғатып, жылы жерге апару қажет. Ондай жағдай, екіншіше орай көп бола бермейді. Көбі ессіз болып жатады. Сол кезде адамды жағалаудағы тегіс жерге жатқызып, ауыз қуысын тазалап алу қажет. Ауыз қуысында лай, балшық, протез, ас қалдықтары болуы мүмкін. Ол үшін екі саусақты орамалмен орап, ауыздағы заттарды шығарып, дұрыстап тазалаған жөн. Зардап шегуші есін жинамаған жағдайда оның жағдайын үш белгіге қарап, анықтап білу қажет. Олар – көз қарашығының жарыққа әсер етпеуі, пульстың анықталмауы, тыныс алмауы. Осы үш белгі байқалған жағдайда дереу жүрек-өкпе реанимацияларын бастау қажет.

Суға түскен кезде сіңірдің тартылып қалу қаупі бар. Бұл кезде қорқыныш-үрейге жол бермей, судан тезірек шығу үшін бар күш-жігерді салу қажет. Сіңірдің тартылуына бірнеше себеп бар, солардың бірі – жүзушінің суық суда жүзуі және ұзақ уақыт бойы суда болуы. Тағы қоса кететінім, дене шынықпаған жағдайда да сіңір тартылып қалады. Бұлшықет ұзақ жүзу салдарынан қал-жырайды. Бұл кезде жүргізілетін ша-ралар – жүзу түрін өзгерту және мүм-кіндігінше судан тез шығу. Жағаға шыққаннан кейін тартылуан бұлшықетті міндетті түрде уқалау қажет. Егер саусақ бұлшықеттері тартылса, онда саусақтарды жиі әрі жылдам ашып жабу арқылы бұлшықеттерді босаңсытуға бо-лады. Егер аяқ бұлшықеттері тартылса, онда арқаға жатып қол арқылы жүзу қажет. Ал егер қол тартылса, аяқпен жұмыс жасау керек.

Ауру жұқтыру қаупі жоғары

Халық көп жиналатын жағажайларда, өзен-көлдерде инфекция жұқтыру қаупі жоғары. Сондықтан шомылуға тыйым салынған жерлерде суға түспеген абзал. Лас жағажайларда ішек инфекция-ларын, тері ауруларын қоздыратын инфекциялардың жұқтырып алуымыз мүмкін. Олар – лямблиоз, криптоспо-ридиоз, ротавирустар, дизентерия, ге-лпер, сальмонеллез, лептоспироз, ге-патит А вирустары. Сонымен қатар ферма, зауыт, саябақ маңайларында иттер көп серуендейді. Олар да суды ластауы мүмкін. Суда жүзетін құстардан паразит, микробтар тарайды. Жағымсыз иіс шығатын су қоймаларына мүлде жақындамаған жөн.

Жандос ЖАЗКЕН

Талап



Жасөспірімдер қауіпсіздігі бәрінен маңызды

Аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Оған комиссия төрағасының орынбасары Талғат Садықов төрағалық етті. Жиынға аудандық прокуратура, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының өкілдері, сондай-ақ комиссия мүшелері қатысты.

Күн тәртібінде 2025 жылы жазғы маусымда балалардың демалысын ұйымдастыру, сауықтыру ұйымдарының сани-тарлық-эпидемиологиялық жағдайы және олардың дайын-дығы талқыланды. Комиссия мүшелері балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі тиімді өткізу үшін мекемелердің дайындығын пысықтап, санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар көмелетке толмағандардың құқықтарының қорғалуына ерекше назар аударылды. Жиын қорытындысы бойынша тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар беріліп, бақылау шаралары белгіленді.

Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының уәкелеті полиция инспекторлары жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бірқатар жұмыс атқарды. Жалпы көмелетке толмағандар арасындағы құ-қық бұзушылықтың өсуіне ата-аналардың баланы қараусыз қалдыруы, компьютерлік ойындарға әуестенуі, құқықтық сауаттың төмендігі және жасөспірімдер үшін бос уақытты ұйымдастырудың болмауы себеп болып тұр.

Осы орайда аудандық білім, денсаулық сақтау бөлімімен бірлескен профилактикалық іс-жоспарды жүзеге асыру ба-рысында аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қыз-меті және қылмысты іздегіру бөлімшелері көмелетке тол-мағандар арасындағы топтарды анықтау, ыдырату, есепке қою секілді жұмыстарды жүргізуде.

Сотқар оқушыларды есепке алу бойынша тоқталсақ, 11 жасөспірім тізімдік есепте, 11 ата-ана тәрбие беру жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін профилактикалық есепке алынған. Бір жасөспірімге қатысты қорғау нұсқамасы шы-ғарылып, есепке қойылған. Жауапты мамандар профилак-тикалық есепте тұрғандардың мекен-жайына арнайы барып, тексеру жұмыстарын үнемі жүргізуде.

Қоғамдық тәртіпті бұзушы жасөспірімдердің арқайысына талдау жасайтын болсақ, заңды өкілдері бірге жүрмеген көмелетке толмағандардың тұрғыжайдан тыс жерлерде сағат 23.00-ден таңғы сағат 6.00-ге дейін болуы бойынша 186 дерек анықталған. Сондай-ақ бір жыл ішінде екі және одан да көп өкімшілік құқық бұзушылық жасаған 8 дерек тіркелген.

Кент орталығындағы патрульді полиция бекеттері жасөспірімдердің топтасып төбелесу, қылмысқа бейімді-лігі байқалатын жағдайды анықтау, алдын алу мақсатында рейдтік жұмыстарын үздіксіз жүргізуде. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде ауданда топтық төбелеске жол берілмеген.

Кент орталығындағы 5 мектеп пен ауданда қарасты ауыл-дық елді мекендердегі 15 білім ордасы және 1 колледждегі білім алушыларға құқық бұзушылықтан сақтану жолдары, заңға бағынудың маңыздылығы және құқықтық жауапкер-шіліктің ауырталпылығы жөнінде нақты кеңестер ұсынылған. Бұл іс-шара құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және құ-қық бұзушылықтың алдын алуға ықпал ететін маңызды қадам екені сөзсіз. Сонымен қатар іс-шарада «Заң және мен» құқықтық тақырыптағы видеороликтер көрсетілген.

Балалардың қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, жазғы демалысты тиімді өткізу бойынша бірқатар жұмыс атқа-рылды. Сыртқы лагерь жұмыстарын ұйымдастыру, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерін ашу, облыс көлемінде және облыстан тыс лагерьге балаларды жіберу, қосымша білім беру үйірмелеріне қамту, туристік саяхат, тарихи-танымдық экскурсиялар ұйымдастырылады. Мәселен, билығы мау-сымда Алматы қаласындағы «Тау-Жаңашар» республикалық лагеріне 50 бала, Жаңақорған ауданы «Талдысу» облыстық лагеріне демеушілер есебінен аз қамтамасыз етілген отба-сынан шыққан 100 баланы, «Қазақстан қоры» демеушілігімен Шымкент қаласындағы республикалық «Қуаныш» лагеріне 50 баланы жіберу жоспарлануда. Бір сөзбен айтқанда, 6 553 баланың жазғы демалыс шараларымен 90 пайызын қамту жоспарда бар.

Ескертпе! Кезекті оқу жылы аяқталды. Осыған орай жергілікті билік өкілдері жазғы демалыста ата-аналарға, ұс-таздарға оқушылардың қауіпсіздік шараларды, шектеулерді қатаң сақтауына мән беруді сұрайды. Аттестат алу кешін сән-салтанатты өткізуге, яғни беймезгіл уақытта мерекелік үстел салтанатты дастархан ұйымдастыруға болмайды.

Сонымен қатар суға шомылу маусымын қауіпсіз өткізу шеңберінде су айдындарында патрульдер мен рейдтер жүр-гізіледі. Осы мақсатта барлық білім беру ұйымдарына арнайы нұсқаулар беріліп, ата-аналармен жан-жақты түсіндіру жұ-мыстары жүргізілуі керек.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Газетіміздің келесі саны 10 маусым, сейсенбі күні шығады

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г күзлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сөнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №932

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН